

*Әлеуметтік
көмектер*

Әлеуметтік көмек түрлері

Денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер:

1) өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаның (отбасының) өмір сүру сапасын жақсарту мен арттыру, медициналық-әлеуметтік технологияларды қолдану арқылы аурулардың алдын алуға, денсаулығын қалпына келтіруге, сақтауға және нығайтуға бағытталған **әлеуметтік-медициналық** қызметтер;

2) өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаны (отбасын) әлеуметтік-психологиялық бейімдеуді көздейтін **әлеуметтік-психологиялық** қызметтер;

3) физикалық мүмкіншіліктері мен ақыл қабілеттерін ескере отырып педагогикалық түзетуге және оқытуға бағытталған **әлеуметтік-педагогикалық** қызметтер;

4) **әлеуметтік-экономикалық қызметтер;**

5) әлеуметтік-құқықтық қорғауды көздейтін **әлеуметтік-құқықтық** қызметтер;

6) жеке мұқтаждықтан туындайтын қиын өмірлік жағдайға душар болған тұлғаның (отбасының) тұрмыс-тіршілік әрекетін қолдауға бағытталған **әлеуметтік-тұрмыстық** қызметтер;

7) өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғалардың (отбасылардың) еңбек дағдысын қалыптастыруға бағытталған **әлеуметтік-еңбек** қызметтері;

8) бос уақытты ұйымдастыруға, әлеуметтік-мәдени іс-шараларды өткізу және оларға өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаларды (отбасыларды) тартуға бағытталған **әлеуметтік-мәдени** қызметтер.

Өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаға (отбасына) денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынылады және адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін қолжетімді, арнаулы **әлеуметтік қызметтер** мыналарды қамтиды:

- 1) консультация беру (жеке және топтық);
- 2) үйге жиі бару, белсенді көмек көрсету және бақылау (патронаж бен әлеуметтік сүйемелдеу);
- 3) "сенім телефоны" бойынша көмек (консультация беру) көрсету;
- 4) қолдау топтарын құру, тренинг өткізу, ынталы топтармен, өзіне-өзі көмек көрсету және өзара көмек көрсету топтарымен жұмыс жүргізу.

11. Өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаға (отбасына) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну қоса денсаулық жағдайын, жас және басқа да ерекшеліктерін ескере отырып одан әрі жеке және кешенді жоспар құру арқылы арнаулы әлеуметтік қызметтерге деген қажеттілігін бағалау мен белгілеу негізінде жүзеге асырылады.

12. Өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаға (отбасына) денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету кезінде әлеуметтік жұмысқа волонтерлер, қоғамдық, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың өкілдері тартылады.

13. Денсаулық сақтау саласында әлеуметтік қызметкерлер өмірдегі қиын жағдайға душар болған тұлғаға (отбасына) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсеткенде медициналық ұйымдар арасында сабақтастық сақталу керек.

14. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша есепке алу және есеп беру

Әлеуметтік қызметкер:

- әлеуметтік-медициналық, заңдық, психологиялық – педагогикалық, материалдық және басқа көмекті, адамгершілік, күш пен психикалық денсаулықты қорғауды қажет ететін отбасылар мен жеке адамдарды анықтауға;
 - оларға қиындық, жанжал жағдайларын тудыратын себептерді белгілеуге (отбасында, жұмыс және оқу орындарында, т.б.), осындай қтындықтар мен жанжалдарды шешуде ықпал етуге және әлеуметтік қорғауға;
 - көмек қажет ететін халық тобына қажетті әлеуметтік – экономикалық көмек көрсетуде әр түрлі қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге ықпал етуге;
 - кәмелетке толмаған балалары бар әйелдердің, мүгедектердің, зейнеткерлердің үйдегі жұмысы туралы еңбек келісім шартын жасау және отбасы тәрбиесіне көмек көрсетуге;
 - әлеуметтік мінез – құлықты кәмелетке толмаған балалармен отбасы және некеге тұру мәселелері бойынша психологиялық – педагогикалық, заң кеңесін және тәрбиелік жұмыс жүргізуге;
 - қамқоршылық пен қамқорлық көрсетуді, емдейтін және оқытып тәрбиелейтін мекемелерге орналастыруды, материалдық, әлеуметтік – тұрмыстық және басқа көмекті қажет ететін балалар мен ересектерді анықтауға, оларға ықпал етуге;
 - кәмелетке толмаған тәртіп бұзушыларды қоғамның атынан қорғауды ұйымдастыруға, сотта олардың қоғамдық қорғаушысы ретінде сөйлеуге (қажет болған жағдайда);
 - отбасына, жетімханаларға әлеуметтік көмек көрсетуге (балалыққа алу, қамқоршылық пен қамқорлық көрсету, әлеуметтік ақталуына) орталықтарын, мүддесі бойынша жеткіншектердің, балалардың және отбасының орталықтары мен бірлестіктерін және т.б. құру жұмыстарына қатысуға міндетті.
- Біліктілік анықтамалығы әлеуметтік қызметкердің жалпылай қызметін, әлеуметтенуін, дайындық дәрежесін есепке алмастан оған қойылатын талап пен міндеттерін анықтайды.

Тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету, өмір сүру сапалығын жақсарту және мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қоғамдық өмірде, басқа да азаматтармен, тең жағдайда қарым-қатынас жасауларына жағдай туғызу.

Әлеуметтік көмек көрсетуге жататын топтар:

- Жағдайы нашар отбасылар;
- Аз қамтылған отбасы;
- Көп балалы және толық емес отбасы;
- 70 жастан асқан қарт адамдар;
- Психикасы бұзылған емделушілер;
- Созылмалы аурулары бар науқастар;
- Жас аналар;
- Девианттық мінез-құлықтағы тұлғалар;
- Зорлық-зомбылық көрген тұлғалар;
- Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар (мүгедектер);
- Маргиналдық топтағы тұлғалар

Әлеуметтік-психологиялық көмек

Әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету халыққа әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетеді және әлеуметтік мәселелерді шешуге жәрдемдеседі.

Психологтар мына қызметтерді жүзеге асырады:

- оқушыларды профилактикалық тексеруден өткізу;
- емханада және үйде жеке кеңес беру
- дәрістерді, семинарлар мен тренингтерді өткізу
- топтық сабақ жүргізу;

Психологтар топпен ғана жұмыс істемей, әр адамды тұлға ретінде қабылдап, бабын таба алады;



Әлеуметтік – медициналық көмек

Әлеуметтік – медициналық көмекті жүзеге асыру кезінде әлеуметтік қызметкер денсаулық сақтаудың алдын – алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға, бірінші медициналық көмек көрсету, тамақтану мәдениеті негіздерін, тазалық гигиеналық норманы білуге, отбасын құру жұмыстарын ұйымдастыруға, репродуктивтік және жыныстық тәртіпке жауапкершілік қатынасын құруға, отбасы өміріне жастардың дайындалуына ықпал етуге, еңбек терапевін дамытуға, салауаиы өмір салтының құрылуына себепші болуға міндетті.

Әлеуметтік экономикалық көмек

Әлеуметтік экономикалық көмектің негізі болып мемлекеттік жәрдемақылар болып табылады.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы – өзге жәрдемақы түрлеріне қарамастан, әлеуметтік қорғауды қажет ететіндерге берілетін ақшалай төлем; АӘЖ мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне кіреді және оларды алуға құқығы бар азаматтарға ай сайын берілетін ақша төлемі болып табылады.

Жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтарға мыналар жатады:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері,;
- 2) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары және олардың екінші рет некеге тұрмаған жесірлері;
- 3) қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары;
- 4) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және оларға теңестірілген мүгедектердің қайта некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері), сондай-ақ соғысқа қатысып қайтыс болған әскер, партизан, жасырын әскер, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Ленинград блокадасының тұрғыны» белгісімен марапатталған азаматтардың, жалпы ауру, еңбек жарақаты және өзге де себептермен мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдері (күйеулері);
- 5) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үшінші дәрежелі даңқ орденінің, үшінші дәрежелі Еңбек даңқы орденінің кавалерлері, «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атағына ие болған адамдар;

6) Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы ерен еңбегі мен мүлтіксіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медалдарымен марапатталған тұлғалар;

7) 1988-1989 жылдары Чернобыль АЭС апаты салдарын жоюға қатысқандардың, қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларды оқшаулау және қоныс аудару аймағынан өз бетімен кеткен Қазақстан Республикасына қоныс аударғандар қатарындағы адамдар;

8) 1, 2 және 3 топтағы мүгедектер;

9) 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар;

10) «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған көп балалы аналар;

11) бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасылар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін олар оқу орнын бітіретін уақытқа дейін (бірақ әрі дегенде жиырма үш жасқа толғанға дейін);

12) саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдар;

13) Қазақстан Республикасы алдындағы ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғалар.

Мемлекеттік жәрдемақы түрлері:

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы;

мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы;

асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы;

жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы;

мемлекеттік арнайы жәрдемақы (№ 1 және № 2 Тізім);

бала тууында және бала күтіміне байланысты жәрдемақы;

18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға арналған мемлекеттік жәрдемақы;

жерлеуге берілетін жәрдемақы.

АӘЖ рәсімдеу үшін тиісті құжаттармен тұрғылықты жері бойынша Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа барады.

Әлеуметтік еңбектік көмек

Әлеуметтік мәдени көмек

Әлеуметтік – тұрмыстық көмек

Әлеуметтік көмектің қызметінде әлеуметтік – тұрмыстық қызмет те негізгі орын алады.

Әлеуметтік қызметкер халықтың әртүрлі категориясына (әсіресе, мүгедектерге, ұлғайған жастағы адамдарға, жас отбасына, жас нәрестелі болған отбасына және т.б.) олардың үй – жайы жағдайларын жақсартуда, дұрыс тұрмысын ұйымдастыруда, баласын оқытуға, оны күтуге көмек көрсетуде және т.б. қажетті көмек көрсетуге және оларды қолдауда себепші болуға міндетті.

Әлеуметтік - құқықтық көмек

Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қорғау
тұжырымдамасының жобасын жариялау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 сәуір N 481

Әлеуметтік қорғау - бұл қолайсыз жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айрылуы) байланысты экономикалық белсенді бола алмайтын және лайықты еңбекақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтар үшін өмірлік қажетті игіліктердің және әл-ауқаттың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе.

Қазақстан мүше болып табылатын Халықаралық еңбек ұйымының анықтауы бойынша әлеуметтік қорғау жүйесі мынадай шаралар кешенін қамтиды:

- тұрақты, ақылы еңбекке ынталандыру;
- негізгі әлеуметтік қатерлердің алдын алу, ал ол туындаған жағдайда әлеуметтік сақтандыру тәсілдері арқылы сол қатердің салдарынан айрылған табысының бір бөлігін қалпына келтіру;
- халықтың әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатыспайтын әлсіз топтарына арналған әлеуметтік көмек тәсілдері;
- азаматтардың білім және медициналық көмек сияқты негізгі құқықтары мен қызметтерге қол жеткізуі.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің сандық көрсеткіштері экономикалық даму деңгейімен анықталса, ал адамдар арасындағы ынтымақтастық, мемлекеттік институттардың қатысу дәрежесі мен еңбекке ынталандыру деңгейі таңдалған әлеуметтік-экономикалық модельмен өзара байланысты болады.

Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, **әлеуметтік қорғаудың неғұрлым тиімді және кешенді жүйелері, әдетте:**

- 1) мемлекеттік жәрдемақылар;
- 2) міндетті әлеуметтік сақтандыру;
- 3) жинақтаушы зейнетақымен қамсыздандыру;
- 4) әлеуметтік көмек сияқты негізгі элементтерді қамтиды деген қорытынды жасауға болады.

Еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайдағы әлеуметтік қорғау

Мүгедектерді оңалту (медициналық, әлеуметтік, кәсіби) және әлеуметтік қатерлердің алдын алудың жеке бағдарламаларын дамыту олардың әлеуметтік, еңбекке бейімделу жүйесін құруға, мүгедектердің қоғамға кірігуіне көмек көрсету шаралары қабылданатын болады.

Еңбек етуге қабілетті жастағы азаматтардың мүгедектік дәрежесін бағалауда тіршілік әрекетінің шектелуін бағалаудан еңбек ету қабілетінің шектелуін бағалауға көшу қарастырылады. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері мен медициналық-әлеуметтік сарапшылық комиссияларының еңбек ету қабілетін айрылу деңгейін айқындаудағы жауапкершілігін арттыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Асыраушысынан айрылу жағдайында әлеуметтік қорғау

Асыраушысынан айрылу жағдайында, жұмыс берушінің кінәсінен қайтыс болған жағдайларды қоспағанда, мемлекет барлық азаматқа жүйеге қатысуымен байланыстырмай, әлеуметтік қорғауды жәрдемақылар түрінде бірдей деңгейде ұсынуға кепілдік береді.

Қартайған кездегі әлеуметтік қорғау

Халықты, ең алдымен ауыл тұрғындарын пошта-жинақ қызметінің, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың және басқа институттардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметімен қамтуды кеңейту жөнінде шаралар көзделіп отыр. Зейнетақы активтерін сақтауды қамтамасыз ету және жинақтаушы зейнетақы қорларының қаражатын әртүрлі қаржы құралдарына инвестициялау кезінде қатерлерді әртараптандыру тетігін реттеу жөнінде шаралар қабылданатын болады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ережелерін насихаттау мен түсіндіруді жандандыру қарастырылып отыр. Зейнетақы төлемдерінің тәсілін жетілдіру жалғастырылады. Аннуитеттік зейнетақы төлемдері рыногын енгізу, оның ішінде ерлі-зайыпты жұптардың бірлескен аннуитеттерді сатып алуын ынталандыру жөнінде шаралар ұсынылатын болады. Мемлекеттік емес және мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорларының құқықтық мәртебесін теңестіру және уәкілетті органның талаптарына сәйкес болған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы активтерін қаржы құралдарына дербес инвестициялау құқығын беру мақсатымен қолданыстағы зейнетақы заңнамасына өзгерістер енгізіледі.

Аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қорғау

Жаңа жұмыс орындарын ашу және жалақының мөлшерін көбейту арқылы кедейліктің азаюына қол жеткізіледі. Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек азаматтарға ақшалай, заттай, институционалдық нысандарға, сондай-ақ нақты мұқтаждық өлшемдері негізінде ақы төленетін қоғамдық жұмыстар беру түрінде көрсетіледі. Атаулы әлеуметтік көмек беру тәсілін де, табыс деңгейін бағалау әдістемесін де жетілдіру жалғастырылады.

Заттай және институционалдық нысандағы әлеуметтік көмек еңбек етуге қабілетсіз азаматтарға: балаларға, зейнеткерлерге, мүгедектерге ғана беріледі. Бұдан басқа, еңбек етуге қабілетті халыққа әлеуметтік көмек қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру, қайта оқыту бағдарламалары мен жұмысқа орналасуға жәрдемдесу арқылы да көрсетіледі. Нысаналы қоғамдық жұмыстар азаматтарды әлеуметтік қолдаудың уақытша шарасы болмақ. Қоғамдық жұмыстардағы еңбекақы деңгейі азаматтардың бұған ұзақ уақыт қатысуын ынталандырмай, тұрақты жұмысты белсенді іздеуге итермелейтін болады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек беру

13. Білім алуға, мамандықты меңгеруге, жұмысқа орналасуға, емделуге, сондай-ақ құқықтық көмекпен қамтамасыз етуге көмек көрсету пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмектің негізгі бағыты болып табылады.

14. Медициналық көмек мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде көрсетіледі.

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамға жұмысқа орналасуға көмек көрсеткен кезде жергілікті атқарушы органдар мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

- 1) жұмыссыздарды өкілетті органның/халықты жұмыспен қамту орталығының бос орындар базасында бар бос жұмыс орындарына жіберу;
- 2) жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу;
- 3) жұмыссыздарды олардың келісімі бойынша қоғамдық жұмыстарға жіберу;
- 4) жұмыссыздарды кейіннен жұмысқа орналастыруға көмек көрсете отырып, еңбек нарығының сұранысына сәйкес кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін көтеруге жіберу;
- 5) жұмыс орындарының квотасы бойынша жұмысқа орналастыру.